

«Серпін-2050» бағдарламасының талабы өзгерді

«Серпін» бағдарламасы бойынша еліміздегі 18 жоғары оқу орнының өкілдерімен бірге Өскемендегі екі жетекші жоғары оқу орны – Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің және С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің мамандары да Түркістан қаласындағы «Жастар ресурстық орталығы» мен Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінде, Шымкент қаласындағы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде және Сарыағаш аудандық мәдениет үйінде түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, бағдарлама аясында мемлекеттік грантқа ниет білдіруші талапкерлердің құжаттарын қабылдап қайтты.

«Серпін» бағдарламасы биыл да жалғасын тауып, еліміздің халық тығыз қоныстанған облыстарының, батыс өңірлерінің және жаңадан құрылған облыстардың жастарына мемлекеттік білім гранттарын бөлуге ерекше назар аударылуда.

Түркістан облысы Өңірлік коммуникациялар қызметінің мәліметінше, ауыл түлектеріне арналған бағдарлама аясында 2023-2024 оқу жылына 3 653 грант бөлінген. Оған Түркістан, Қызылорда, Жамбыл, Алматы, Жетісу облыстарының түлектері қатысты. Республика бойынша биыл бөлінген гранттың отыз пайызын түркістандық талапкерлердің иеленуге мүмкіндігі бар, яғни 1400 түлек оқуға қабылданады деп жоспарланып отыр.

– Бүгінде біздің университет тарапынан оңтүстік өңіріне «Серпін-2050» жобасы бойынша 95 грант ұсынылып отыр. Одан бөлек, Түркістан қаласының түлектеріне 16 мемлекеттік грант берілген. Атап айтсақ, электр техникасы және энергетика, автокөлік

құралдары, тау-кен ісі және пайдалы қазбаларды өндіру, кадастр және жерге орналастыру, көлік құрылысы мамандықтарына құжат тапсыруға болады. Университетімізге оқуға түсіп жатқан түлектер үшін әртүрлі жеңілдіктер беріледі. Оңтүстіктен келген студенттерге жатақхана бағасы бес мың теңге, ал көпбалалы отбасылардан шыққан студенттерге тегін болады. Бүгінде техникалық мамандықтарға сұраныс жоғары, сондықтан осы мамандықтарға оңтүстіктен келетін түлектер үшін шекті бал 50 деңгейінде, – дейді Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті, «Тасымалдауды, қозғалысты ұйымдастыру және көлікті пайдалану» білім беру бағдарламасының жетекшісі Гүлнұр Қонарбаева.

С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті оқу-әдістемелік бөлімінің әдіскері Нұржан Рүстемованың айтуынша, «Серпін-2050» жобасы бойынша университет тарапынан оңтүстік өңіріне 415 грант, бұдан бөлек



Түркістан қаласына 14 мақсатты грант бөлінген. Биыл гранттар бойынша ақпараттық технологиялар білім беру бағдарламасына түсуге ниет білдірушілер саны басым болған.

Осы уақытқа дейін «Серпін» бағдарламасы бойынша тегін білім алған студенттер оқу бітіргеннен кейін оқыған өңірлерінде үш жыл жұмыс істеуге міндеттелген болса, енді талап өзгеріп, еңбекпен өтеу мерзімі екі жылға азайды. Сондай-ақ жас мамандар тек оқыған өңірінде ғана емес, солтүстік, батыс және шығыс өңірлеріне қарасты 11 аймақта жұмыс істеуіне болады. Яғни, Астана, Алматы, Шымкент қалалары

мен өз өңірінен тыс жерде болуға тиіс.

«Серпін» бағдарламасы аясындағы гранттар Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Абай, Павлодар, Қарағанды, Қостанай облыстарында орналасқан университеттерге бөлінеді. Гранттар техникалық ғылым, ауыл шаруашылығы, медицина саласын қамтиды.

Биыл бірінші қыркүйектен бастап шәкіртақыны бакалавр студенттеріне 20 пайызға, магистратура студенттеріне 15 пайызға дейін өсіру жоспарланып отыр.

А.Ихсанова

БРИФИНГ

Мектептер жаңа оқу жылына әзір ме?

Жаңа оқу жылының басталуына санаулы апталар ғана қалды. Өңіріміздегі білім ошақтары бірінші қыркүйекте оқушыларды қабылдауға дайын ба? Жүргізіліп жатқан ағымдағы жөндеу жұмыстарының сапасы сын көтере ме? Облыс мектептерінің барлығы спорт залымен, асханамен, интернетпен қамтылған ба? Осы мәселелер төңірегінде өңірлік коммуникациялар орталығында өткен брифингте облыстық білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің басшысы Зейнеп Мақсұтова айтып берді.

Айжанат БАҚЫТҚЫЗЫ

Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің аумақтық құрылымы болып саналатын департамент басшысы облысымыздың білім беру ұйымдарының жаңа 2023-2024 оқу жылына дайындығын тексеруге бағытталған аралық мониторингтің қорытындысы туралы ақпаратпен бөлісті.

Департамент директорының айтуынша, оқу-ағарту министрі Ф.Бейсембаевтың тапсырмасы бойынша ағымдағы жылдың 10-24 шілде аралығында облыстық барлық мектептерінің жаңа оқу жылының басталуына дайындығына арнайы тексеріс жүргізілген. Мониторинг тобының құрамында білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің өкілдері, «Өрлеу» филиалының он қызметкері және С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің мамандары болды.

Тексерістің негізгі бағыттары – білім ошақтарындағы күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарының барысы, лицензияланған қауіпсіздік, бейнебақылау, турниктер мен дабыл түймелерінің орнатылуы, спорт залдарының, асхананың және пән кабинеттерінің болуы және интернет жылдамдығы.

– Облыста 350 мектеп бар. Оның ішінде ағымдағы жылдың 22 шілдесіндегі жағдай бойынша 204 мектепте ағымдағы косметикалық жөндеу жұмыстары аяқталған, яғни бұл мектептер жаңа оқу жылының басталуы-

БА КОММУНИКАЦИЙ ВОСТОЧН

ATION SERVICE OF THE EAST KAZ.



Мақсұтова
Зейнеп Абдужусуповна
ШҚО бойынша білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінің басшысы

на дайын. Қалған білім ошақтарында сырлау, әктеу сияқты ағымдағы және косметикалық жөндеу жұмыстары жалғасып жатыр. Жұмыстардың аяқталу мерзімі 25 тамызға дейін. Сондай-ақ үш мектепте күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Екі мектептің оқу жылының басына дейін жөндеу жұмыстары аяқталмауына қауіп бар, ал бір мектеп алдағы 2024 жылы жөндеу жұмыстарын аяқтайды деп жоспарланып отыр, – дейді Зейнеп Мақсұтова.

Сонымен қатар мониторинг өңірдегі 167 мектепте күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу қажеттігін көрсетті. Оның ішінде 73 мектепте жөндеу

жұмыстары жоспарланған, ал қалған мектептерге қаржыландыру қарастырылмаған. Мәселен, жуықта ғана мониторинг жүргізілген Самар ауданы Палатцы орта мектебі 1953 жылы салынған. Департамент басшысының айтуынша, мектепте күрделі жөндеу жүргізілмеген. Ғимарат әбден ескірген. Қабырғалары мен төбесі, едені тозғандықтан, ақаулары көп. Спорт залында сабақ өткізуге мүмкіндік жоқ, себебі еден тақтайлары шіріп, түсіп қалғандықтан, қыста ауа температурасы +5 градустан аспайды. Екінші қабаттың төбесінде жетпіс жыл ішіндегі құрылыс қалдықтары мен құстардың қиы түріндегі тоннаға жуық қоқыстың ауырлығынан төбесі салбырап тұр. Мектеп ғимаратында ауылдық медициналық пункт орналасқан, бұл санитарлық талаптарды өрескел бұзу болып саналады. Мектеп әкімшілігінің айтуынша, қажетті смета жасалғанымен, жөндеу жұмыстары әлі басталмаған. Өкінішке қарай, облыста жағдайы осыған ұқсас мектептер аз емес.

Қауіпсіздік шараларына тоқталатын болсақ, өңірдегі барлық 153 толық жинақталған мектептерде турниктер орнатылған, ал шағын және арнайы мектептерде орнатылмаған, мұнда оқушылардың санына байланысты нормативтік құжаттарға сәйкес орнату талап етілмейтіндігі айтылды.

«Спорт – денсаулық кепілі» дегенді жиі айтамыз, бірақ, тексеріс нәтижесі көрсеткендей, облыстағы 49 мектепте спорт залы жоқ. Брифингте айтылғандай, мұндай мектептердің оқушылары денешынықтыру сабағында қыстыгүні сыртта қысқы спорт түрлерімен айналысса, жауын-шашынды күзкөктем айларында сабақ кәдімгі мектеп дәлізінде өтеді.

Бала денсаулығын, оның дене және ақыл-ой дамуын жетілдіретін бағыт-

тардың бірі – өскекең ұрпақты сапалы тамақтандыруды ұйымдастыру. Сала министрлігі «Биылғы жаңа оқу жылынан бастап еліміздегі барлық бастауыш сынып оқушылары тегін тамақпен қамтылады» деген қуанышты хабармен бөліскені белгілі. Дегенмен, өңірдегі 36 мектептің асханасы жоқ.

Оның себебі, «мектепте бала санының аз болуына байланысты тамақпен қамту қызметі ұйымдастырылмаған» деген уәж айтылады. Сонда әлгі оқушылардың тегін тамақтануына бөлінетін бюджет қаражаты қалай игерілмек?

Сол сияқты мониторинг барысында 179 мектепте жаңа модификациялы физика кабинеті, 167 мектепте химия, 181 мектепте биология, 117 мектепте роботтық техника кабинеті жоқ, 12 мектепте дабыл түймесі орнатылмағандығы анықталған.

Облыстағы 23 білім ошағында интернет жылдамдығы әлсіз (4 Мб/с төмен), 186 мектепте – орташа жылдамдық (4-10 мб/с), 141 мектепте – орташа жылдамдықтан жоғары (10-20 мб/с).

Брифинг соңында журналистердің сұрақтарына жауап берген департамент басшысы білім ошақтарының ағымдағы жөндеу жұмыстарына мемлекет тарапынан жеткілікті мөлшерде қаражат бөлінетіндігін, сондықтан сынып қорына, мектеп қорына, жөндеу жұмыстарына деген желеумен ата-аналардан ақша жинау заңсыз екендігін қадап айтты. Осындай заңсыз әрекеттер орын алған жағдайда ата-аналар облыстық, қалалық білім басқармаларына немесе білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментіне шағым түсіруіне болады.

Зейнеп Мақсұтованың сөзінше, кемшіліктер анықталған проблемалық мектептер тұрақты бақылауға алынып, тамыз айында қайтадан қорытынды мониторинг жүргізіледі.